

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 919 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 шілдедегі N 728 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлайтын Ресей мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығында Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерін даярлауға байланысты шығыс нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 қыркүйектегі N 919 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 34, 473-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлер даярлайтын Ресей мемлекеттік ғылыми-зерттеу сынақ орталығында Қазақстан Республикасының сынаушы-ғарышкерлерін даярлауға байланысты шығыс нормаларында:

1-тармақтағы "900" деген сандар "1500" деген сандармен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "1500" деген сандар "2000" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі осы қаулыны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов